Әділет

# Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2026 жылғы 15 шілдедегі № 129 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 16 шілдеде № 39311 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу;

2) осы бұйрықты қолданысқа енгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне орындалуы туралы ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Туризм және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрі* — *Е. Мырзабосынов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық
Даму министрлгі

Қазақстан Республикасы
туризм және спорт министрі
2026 жылғы 15 шілдедегі
№ 129 бұйрығымен
бекітілген

# Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының ( спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы

төлемдерін төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 292 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9672 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары ( бұдан әрі – Қағидалар) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 34) және 35) тармақшаларына сәйкес әзірленді және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы " Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсету) тәртібін айқындайды.";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың пакетін ұсына отырып, "Азаматтарға арналған үкімет "Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал ) арқылы жүгінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада сәйкес жазылған.

6. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, құжаттардың мәліметтерін Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдаған кезде құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады және қолхат береді.

Құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге "Халыққа қызмет көрсету орталықтарының" Ықпалдастырылған цифрлық жүйесіндегі мемлекеттік органның

автоматтандырылған жұмыс орны" (бұдан әрі – ХҚКО ЫЦЖ МО АЖО) ішкі жүйесі арқылы келіп түседі.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 10-тармағына сәйкес құжаттардың және ( немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бас тарту туралы қолхат береді.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті алушы өтініштерінің тарихында мемлекеттік қызметті көрсету үшін электрондық сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.";

8, 9, 9-1 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері құжаттарды портал арқылы алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тізбенің 10-тармағында көзделген ұсынылған құжаттардың толықтығы мен сәйкестігін ХҚКО ЫЦЖ МО АЖО ішкі жүйеде тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және ( немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері 2 (екі) жұмыс күні ішінде құжаттарды қоса бере отырып, өз басшысының атына қорытынды шығарады, оның негізінде 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтемақы төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылданады және көрсетілетін қызметті алушыға өтемақы төлемі туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберіледі.

Жауап теріс болған немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігін беру үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші өтемақы төлемін жүзеге асыру туралы оң шешім болған кезде көрсетілетін қызметті алушыға өтемақы төлемі

туралы хабарлама, теріс шешім болған кезде - көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

9. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей ұсынады.

Порталда - Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу үшін уәкілетті лауазымды тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама.

Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрлық саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

9-1. Көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкіметтің" операторына (портал арқылы қызмет көрсетуді ескере отырып), Мемлекеттік корпорациясы, Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ұсынады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға өтемақы төлеу туралы хабарлама немесе осы Тізбенің 11-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Өтемақы төлемі халықаралық спорттық жарыстарда спорттық жарақат алған және мертіккен адамдарды емдеуге және оңалтуға жұмсалған шығындардың құны мөлшерінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктегі көрсетілетін қызметті алушының есеп шотына ақшаны аудару арқылы жүргізіледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Шағым жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда "Электрондық өтініштер" цифрлық талдау жүйесі немесе электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы беріледі.";

"Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге негізгі талаптар тізбесіне қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 2-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Спорттық атақтар, разрядтар және біліктілік санаттарын беру және олардан айыру, омырауға тағатын белгілерді беру қағидаларын, сондай-ақ олардың сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 29 шілдедегі № 300 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9675 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорттық атақтар, разрядтар және біліктілік санаттарын беру және олардан айыру, омырауға тағатын белгілерді беру қағидалары, сондай-ақ олардың сипаттамасында:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері", "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" спорттық атақтары және біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы, жоғары санатты ұлттық спорт төрешісі, ұлттық спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру мемлекеттік көрсетілетін қызметтер болып табылады (бұдан әрі - спорттық атақтар және біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет), оны алу үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация), "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүгінеді.

4. Спорттық атақтар және біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 1-қосымшасында жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтерін уәкілетті орган және Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады және тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы спорттық атақтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген спорттық атақтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесіне сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ мерзімі өткен құжаттарды ұсынса Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге "Халыққа қызмет көрсету орталықтарының" Ықпалдастырылған цифрлық жүйесіндегі мемлекеттік органның автоматтандырылған жұмыс орны" (бұдан әрі – ХҚКО ЫЦЖ МО АЖО) ішкі жүйесі арқылы келіп түседі.

Портал арқылы жүгінген жағдайда "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті алушының өтініштерінің тарихында спорттық атақтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін өтініш қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ спорттық атақтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетілген хабарлама көрсетіледі.
";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Уәкілетті органның жауапты қызметкері құжаттарды портал арқылы алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде спорттық атақтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген ұсынылған құжаттардың толықтығын ХҚКО ЫЦЖ МО АЖО ішкі жүйеде тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, уәкілетті органның жауапты қызметкері уәкілетті органның лауазымды адамының электрондық цирфрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті қабылдаудан дәлелді бас тарту жібереді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Спорттық разрядтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 2-қосымшасында және жасөспірімдік разрядтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 3-қосымшасында жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтерін жергілікті атқарушы орган, ауданның жергілікті атқарушы органы және Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден " цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады және тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Егер көрсетілетін қызметті алушы спорттық разрядтар мен біліктілік санаттарын және жасөспірімдік разрядтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген спорттық разрядтар мен біліктілік санаттарын және жасөспірімдік разрядтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесіне сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған, сондай-ақ мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті алушының өтініштерінің тарихында спорттық разрядтар мен біліктілік санаттарын және жасөспірімдік разрядтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін өтініш қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ спорттық разрядтар мен біліктілік санаттарын және жасөспірімдік разрядтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетілген хабарлама көрсетіледі.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Ауданның жергілікті атқарушы органының және жергілікті атқарушы органының жауапты қызметкері құжаттарды портал арқылы алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген ұсынылған құжаттардың толықтығын ХҚКО ЫЦЖ МО АЖО ішкі жүйеде тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, жергілікті атқарушы органның және ауданның жергілікті атқарушы органының жауапты қызметкері жергілікті атқарушы органның және ауданның жергілікті атқарушы органының лауазымды адамыныңЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті қабылдаудан дәлелді бас тарту жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде жергілікті атқарушы орган және ауданның жергілікті атқарушы органы құжаттар

топтамасын Нормалар мен талаптарға сәйкестігіне қарайды және оң шешім болған кезде спорттық разрядтары мен біліктілік санаттарын беру туралы бұйрықты қабылдайды.

Бас тарту туралы алдын ала шешім қабылданған немесе спорттық разрядтар мен біліктілік санаттарын және жасөспірімдік разрядтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер анықталған жағдайда, жергілікті атқарушы органның жәнеауданның жергілікті атқарушы органының жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін спорттық разрядтар мен біліктілік санаттарын және жасөспірімдік разрядтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама спорттық разрядтар мен біліктілік санаттарын және жасөспірімдік разрядтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын жергілікті атқарушы орган және ауданның жергілікті атқарушы органы оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша ескертулерді жойған кезде жергілікті атқарушы орган және ауданның жергілікті атқарушы органы құжаттар топтамасын қарайды, оң шешім болған кезде 1 (бір) жұмыс күні ішінде спорттық разрядтар мен біліктілік санаттар беру туралы бұйрық шығарады, теріс шешім болған кезде жергілікті атқарушы органның және ауданның жергілікті атқарушы органының лауазымды адамыныңЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында дәлелді бас тарту жібереді.";

Спорттық атақтар,разрядтар және біліктілік санаттарын беру және олардан айыру, омырауға тағатын белгілерді беру қағидалары, сондай-ақ олардың сипаттамасына 1-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері" және "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" спорттық атақтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы, жоғары

санатты ұлттық спорт төрешісі, ұлттық спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Спорттық атақтар, разрядтар және біліктілік санаттарын беру және олардан айыру, омырауға тағатын белгілерді беру қағидалары, сондай-ақ олардың сипаттамасына 2-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Спорттық атақтар,разрядтар және біліктілік санаттарын беру және олардан айыру, омырауға тағатын белгілерді беру қағидалары, сондай-ақ олардың сипаттамасына 3-қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Спорт түрлерін, спорт салаларын тану және спорт түрлерінің тізілімін қалаптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 28 қазандағы № 55 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9912 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт түрлерін, спорт салаларын тану және спорт түрлерінің тізілімін қалаптастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Спорт түрлерін, спорт салаларын тану және спорт түрлерінің тізілімін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 7-бабының 37) тармақшасына сәйкес әзірленген және спорт түрлерін, спорт салаларын танудың және спорт түрлерінің тізілімін қалыптастырудың тәртібін айқындайды, сондай-ақ " Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес "Спорт түрлерін, спорт салаларын тану" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

5 және 5-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Спорт түрі бойынша аккредиттелген ұлттық спорт федерациясы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "Спорт түрлерін, спорт салаларын тану" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттар топтамасымен уәкілетті органға "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал), "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры www.elicense.kz (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) арқылы жүгінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларда 1-қосымшаға жазылған.

5-1. Көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкіметтің" операторына (портал арқылы қызмет көрсетуді ескере отырып), Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ұсынады.";

7, 8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін портал арқылы жүгінген жағдайда Тізбенің 10-тармағында көзделген құжаттарды көрсетілетін қызметті алушы электрондық немесе сканерленген түрде жүктейді.

Бұл ретте, "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті алушының өтініштері тарихында мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салу қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетілген хабарлама жіберіледі.

8. Уәкілетті органның жауапты орындаушысы құжаттарды алған сәттен бастап 2 ( екі) жұмыс күні ішінде "Е-лицензицялау" мемлекеттік деректер қорында www.elicense.kz (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) Тізбенің 10-тармағында көзделген ұсынылған құжаттардың толықтығы мен сәйкестігін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және ( немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері ЕЛ МДҚ жеке кабинетінде көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

9. Құжаттардың толық топтамасы 6 (алты) жұмыс күні ішінде уәкілетті органда қарастырылады, оның қорытындысы бойынша спорт түрлерін, спорт салаларын тану туралы бұйрық (бұдан әрі - бұйрық) немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап қабылданып, ЕЛ МДҚ жеке кабинетінде көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі.

10. Спорт түрлерін, спорт салаларын танудан бас тарту туралы алдын ала шешім қабылданған немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті органның жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижерелі бойынша уәкілетті орган оң шешім қабылдаған кезде бұйрық қабылдайды, теріс шешім қабылдаған кезде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жолдайды.

Уәкілетті органның жауапты орындаушысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде ЕЛ МДҚ жеке кабинетінде көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен

куәландырылған бұйрықтың көшірмесін немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды.";

Спорт түрлерін, спорт салаларын тану және спорт түрлерінің тізілімін қалыптастыру қағидаларына 1-қосымша осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Мүгедектігі бар спортшыларға сыныптау жүргізудің қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 111 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10011 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мүгедектігі бар спортшыларға сыныптау жүргізудің қағидаларында:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Сыныптау кезінде бұған мүгедектігі бар спортшының жазбаша келісімі болған жағдайда мүгедектігі бар спортшының дербес деректерін қамтитын цифрлық ресурстар пайдаланылады.".

5. "Спорт мектептеріне және спорт мектептерінің бөлімшелеріне " мамандандырылған" деген мәртебе беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 209 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11642 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт мектептеріне және спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Спорт мектептеріне және спорт мектептерінің бөлімшелеріне " мамандандырылған" деген мәртебе беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 43) тармақшасына сәйкес әзірленді және спорт мектептеріне және спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе беру тәртібін айқындайды, сондай-ақ "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес "Спорт мектептеріне және спорт мектептерінің бөлімшелеріне " мамандандырылған" деген мәртебе беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет көрсету) тәртібін айқындайды.";

7 және 7-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін спорт мектебі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) құжаттардың пакетін ұсына отырып, "Азаматтарға арналған үкімет "Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүгінеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі кіретін мемлекеттік қызметті көрсетудің негізгі талаптарының тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) жазылған.

7-1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты "цифрлық үкіметтің" операторына (портал арқылы қызмет көрсетуді ескере отырып), Мемлекеттік корпорациясы, Бірыңғай байланыс орталығы және көрсетілетін қызметті берушілерге ұсынады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар ( ауыртпалықтар) және көрсетілетін қызметті алушыға тиесілі спорт объектісіне ( үй-жайға) берілген техникалық сипаттамалары туралы құжаттардың мәліметтерін Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдау кезінде құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады және қолхат береді.

Құжаттар уәкілетті органға "Халыққа қызмет көрсету орталықтарының" Ықпалдастырылған цифрлық жүйесіндегі мемлекеттік органның автоматтандырылған жұмыс орны" (бұдан әрі – ХҚКО ЫЦЖ МО АЖО) ішкі жүйесі арқылы келіп түседі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Портал арқылы жүгінген кезде "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті алушының өтініштері тарихында мемлекеттік қызметті көрсету үшін электрондық сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.";

11 және 11-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері ХҚКО ЫЦЖ МО АЖО ішкі жүйеде құжаттарды портал арқылы алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тізбенің 10-тармағында көзделген ұсынылған құжаттардың толықтығы мен сәйкестігін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және ( немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының

электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 2 (екі) жұмыс күні ішінде құжаттарды қоса бере отырып, өз басшысының атына қорытынды шығарады, оның негізінде 1 (бір) жұмыс күні ішінде спорт мектептеріне немесе спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" мәртебесін беру туралы бұйрық немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап шығарады.

Жауап теріс болған немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігін беру үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші спорт мектептеріне немесе спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе беру туралы бұйрық немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап қабылдайды.

11-1. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

Спорт мектептеріне және спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе беру қағидаларына 1-қосымша осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Спорт мектептеріне және спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе беру қағидаларына 2-қосымша осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлау, қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 194 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15344 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлау, қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлау, қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) дене шынықтыру және спорт саласында мамандарды (бұдан әрі – мамандар) даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүргізу тәртібін айқындайды, сондай-ақ, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес "Дене шынықтыру және спорт саласында мамандарды даярлауға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет көрсету) тәртібін айқындайды.";

9 және 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын оқыту ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлауға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға қабылдау үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) курстарды өткізу басталғанға дейін күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініммен (бұдан әрі – өтінім) жүгінеді.

Құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге "Халыққа қызмет көрсету орталықтарының" Ықпалдастырылған цифрлық жүйесіндегі мемлекеттік органның автоматтандырылған жұмыс орны" ішкі жүйесі арқылы келіп түседі.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты " цифрлық үкіметтің" операторына ("электрондық үкімет" порталы арқылы қызмет көрсетуді ескере отырып), Бірыңғай байланыс орталығы және көрсетілетін қызметті берушілерге ұсынады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Оқыту аяқталғаннан кейін игерілген білімдерін бақылау мақсатында тест түрінде цифрлық форматта емтихан өткізіледі.

Тестілеудің нәтижесі сұрақтардың жалпы санынан елу пайыздан аса дұрыс жауаптар жиналған болса оң, ал тест сұрақтарының жалпы саны елу пайыздан кем болса – теріс деп бағаланады.";

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру қағидаларына 1-қосымша осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру қағидаларына 2-қосымша осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Олимпиадалық, Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық ойындардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғынжай беру және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 97 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20438 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Олимпиадалық, Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық ойындардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғынжай беру және оны пайдалану қағидаларында:

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алғаннан кейін 1 (бір) ай ішінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттардың топтамасын ұсына отырып, өтінішпен "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жүгінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші және мемлекеттік корпорацияның қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттарды қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Құжаттар уәкілетті органға "Халыққа қызмет көрсету орталықтарының" Ықпалдастырылған цифрлық жүйесіндегі мемлекеттік органның автоматтандырылған жұмыс орны" ішкі жүйесі арқылы келіп түседі.

12. Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 10-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас

тартады және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тұрғын үй комиссиясының шешімі теріс болған немесе Тізбенің 11-тармағында көзделген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігін беру үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші комиссияның оң шешімі болған кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде ЖАО әкімдігінің көрсетілетін қызметті алушыға тұрғын үй беру туралы қаулысын, комиссияның теріс шешімі болған кезде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап шығарады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін мемлекеттік органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғын үй беру және оны пайдалану қағидаларына 1-қосымша осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Олимпиадалық, Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық ойындардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғынжай беру және оны пайдалану қағидаларына 2 -қосымша осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Олимпиадалық, Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық ойындардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғынжай беру және оны пайдалану қағидаларына 3 -қосымша осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

8. "Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 158 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20784 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер тур" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.";

3 және 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың топтамасын ұсына отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүгінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада жазылған.

Көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкіметтің" операторына (портал арқылы қызмет көрсетуді ескере отырып), Мемлекеттік корпорациясы, Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ұсынады.

4. Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтерін, аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмені, жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру

қорынан мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдаған кезде құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады және қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы тізбенің 10-тармағына сәйкес қолданылу мерзімі өткен құжаттар топтамасын және (немесе) құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас тарту туралы қолхат береді.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті алушы өтініштерінің тарихында мемлекеттік қызметті көрсету үшін электрондық сұрау салуының қабылданғаны туралы мәртебесі көрсетіледі.

Құжаттар уәкілетті органға "Халыққа қызмет көрсету орталықтарының" Ықпалдастырылған цифрлық жүйесіндегі мемлекеттік органның автоматтандырылған жұмыс орны" (бұдан әрі – ХҚКО ЫЦЖ МО АЖО) ішкі жүйесі арқылы келіп түседі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері құжаттарды портал арқылы алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тізбенің 10-тармағында көзделген ұсынылған құжаттардың толықтығы мен сәйкестігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамтамасыз етуді төлеу жөніндегі белгіленген талаптарға сәйкестігін ХҚКО ЫЦЖ МО АЖО ішкі жүйесінде тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және ( немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамтамасыз етуді төлеу жөніндегі белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде қарайды және спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы материалдық қамтамасыз етуді төлеу туралы шешім қабылдайды.

Қабылданған шешім негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға материалдық қамтамасыз етуді төлеу туралы бұйрықты бекітеді.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға материалдық қамтамасыз етудің төленгені туралы хабарлама жібереді.

Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы материалдық қамтамасыз етуді төлеуден бас тарту туралы алдын ала шешім қабылданған немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша ескертулерді жойылған кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын қарайды, жойылмаған кезде - көрсетілетін қызметті беруші дәлелді бас тартуды жібереді.

Оң шешім болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға материалдық қамтамасыз етуді төлеу туралы бұйрықты бекітеді, теріс шешім болған кезде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді .";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей ұсынады.

Порталда - Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу үшін уәкілетті лауазымды тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама.

Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 1-қосымша осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге негізгі талаптар тізбесіне қосымша осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 2-қосымша осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

9. "Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларының рейтингін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 112 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22632 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларының рейтингін айқындау қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларының рейтингін қалыптастыру Заңның 7-бабының 65-11) тармақшасына сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекітетін балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларында мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларында көзделген жағдайларда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде спорт секциясына қатысатын баланың заңды өкілінің, цифрландыру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде баға қою жолымен жүзеге асырылады.".

10. "Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларында мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 120 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22631 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларында мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларында:

3, 4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларында мемлекеттік спорттық тапсырысты (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) орналастыру мыналарды қамтиды:

1) мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін өнім берушілерді іріктеу;

2) спорт секцияларына орындарды бөлу тәртібі.

Оператор мемлекеттік тапсырысты орналастыруды "Ұлттық білім беру дерекқоры" цифрлық жүйесімен (бұдан әрі – ҰБДҚ) интеграцияланған цифрлық жүйе арқылы жүзеге асырады.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыру оператордың тиісті жылға арналған бюджетінде көзделген қаражат көлемінде өнім берушілер арасында жүзеге асырылады.

Оператор мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру жоспарының жобасын күнтізбелік жылдың толық көлемінде жасайды және жыл сайын жоспарланатын

жылдың алдындағы жылдың 31 қазанынан кешіктірілмейтін мерзімде оператордың ресми интернет-ресурсында орналастырады.

Оператор мемлекеттік тапсырысты қаржыландырудың бекітілген жоспарын ол бекітілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде оператордың ресми интернет-ресурсында жыл сайын орналастырады.

Оператор мемлекеттік тапсырысты қаржыландырудың бекітілген көлемін алдыңғы қаржы жылының мемлекеттік тапсырысын қаржыландыруды жалғастыруға көзделген қаражат көлемін шегере отырып, жыл сайын қаржы жылының бірінші жұмыс күні цифрлық жүйеде орналастырады.

Оператордың бюджетінен мемлекеттік тапсырысты іске асыруға қосымша қаражат бөлінген кезде, бекітілген қосымша қаржыландыру көлемі ол бекітілгеннен кейін 3 (үш ) жұмыс күнінен кешіктірілмей цифрлық жүйеде орналастырылады.

Балалар контингентін жинақтауды оператор баланың заңды өкілдерінің белгілі бір өнім берушіге берген электрондық өтініштері негізінде автоматты түрде цифрлық жүйе арқылы жүзеге асырады. Балалар контингентін жинақтау кезінде ақпараттық жүйе осы Қағидалардың 11 және 12 – тармақтарында көзделген кезектілікті басшылыққа ала отырып, балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларына (бұдан әрі-спорт секцияларына) орындар бөледі.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыру, балалар контингентін жинақтау, сондай-ақ өнім берушінің, оператордың және баланың заңды өкілінің осы процестерге байланысты өзге де ілеспе функционалдық операциялары өнім беруші және баланың заңды өкілі үшін өтеусіз жүзеге асырылады;

3) электронды және жалпыға қолжетімді форматтарда мемлекеттік тапсырысты орналастырудың, оның сапасын бақылаудың және мақсатты игерілуінің барлық кезеңдері мен рәсімдерін орындалуын қамтамасыз ету.

4. Мемлекеттік тапсырысты орналастыруға қатысу үшін өнім беруші цифрлық жүйе арқылы операторға мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді:

1) жеке тұлғалар үшін – жеке кәсіпкер ретінде қызметті бастағаны туралы хабарлама немесе жеке кәсіпкер талоны, немесе жеке кәсіпкер куәлігі, заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) спорт секция қызметін ұйымдастыруға пайдалану үшін өнім берушінің меншігіндегі және (немесе) өзге де заңды негіздегі жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды ұсынады.

Жылжымайтын мүлікті пайдалану құқығын растайтын құжаттың мерзімі өнім беруші өтініш берген күннен кейін кемінде 10 (он) айды құрайды.

Мемлекеттік меншіктегі жылжымайтын мүлікті пайдаланған жағдайда қызмет көрсету туралы шарт ұсынылады, онда құқық белгілейтін құжаттарды ұсына отырып, көрсетілетін қызметті беруші тікелей теңгерім ұстаушы болып табылады;

3) құжаттарды тапсырғанға дейін бір ай мерзімнен ерте емес күні бар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22004 болып тіркелген) ұйым ғимаратының/үй-жайларының санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі немесе эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны (оларды пайдалану) туралы хабарламаның көшірмесі;

4) өнім беруші бекіткен спорт түрлерінен оқу бағдарламасы, мыналарды қамтиды:

оқу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері;

болжамды спорттық нәтижелер;

оқу дәрежелері бойынша сабақтардың мазмұны (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 119 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22633 болып тіркелген) (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес бір тақырыпқа жұмсалатын сабақтардың санын көрсете отырып, күнтізбелік бір жылға сабақтардың тақырыптарын тізбектеу));

сабақтарды қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық жарақтандырудың сипаттамасы;

сабақтарды өткізу кестесі;

баланың заңды өкілдері үшін ішкі іс-шараларды, оның ішінде жарыстық ( конкурстық), есептік іс-шараларды және ашық сабақтарды өткізудің жоспарланған кестесі;

сабақ өткізу үшін қажетті балалардың жеке мүкәммалы мен киім-кешегі туралы мәліметтер;

спорт секциясына бару регламенті;

5) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, балалармен сабақ өткізу үшін тартылатын қызметкерлердің тізімі.

5. Өнім берушінің балалармен сабақ өткізетін әрбір қызметкеріне, өтінішке мынадай құжаттар мен мәліметтерді қамтитын ақпарат қоса беріледі:

1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) мынадай тәсілдердің бірімен кәсіби спорт бейінін растайтын құжаттар:

кадрларды даярлау бағыты бойынша техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) немесе жоғары білімі туралы дипломның көшірмесі: "Дене шынықтыру және спорт" немесе "Дене шынықтыру" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар ;

"Қазақстан Республикасының спорт шебері" немесе "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері" немесе "Қазақстан Республикасының Еңбек

сіңірген спорт шебері" немесе "Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының спорт шебері" спорттық атақтары бар тұлғаларға - техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) немесе жоғары білімі туралы дипломның, бейінді спорт түрі бойынша жоғарыда көрсетілген спорттық атақтарды беру туралы куәліктің және Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органы жанындағы жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы құжаттың көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-138/2020 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтарын алғашқы көмек көрсету дағдыларына оқыту қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21464 болып тіркелген) нысан бойынша өтініш берілген күнге қарай 24 (жиырма төрт) айдан кешіктірмей берілген сертификат, немесе жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) және/немесе орта кәсіптік медициналық білімі туралы дипломның көшірмесі;

4) өтініш берілген күнге күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей берілген соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама;

5) өтініш берілген күнге күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей берілген наркологиялық ұйымда диспансерлік бақылауда тұрғаны/тұрмағаны туралы анықтама;

6) өтініш берілген күнге күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей берілген психоневрологиялық ұйымда диспансерлік бақылауда тұрғаны/тұрмағаны туралы анықтама;

7) өтініш берілген күнге күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей берілген туберкулезге қарсы мамандырылған ұйымда (туберкулезбен ауыратындардың диспансерлік бақылауда тұрғаны/тұрмағаны) туралы анықтама.

Қызметкерлер бойынша деректер, жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, оқу бағдарламасы, сондай – ақ осы Қағидалардың 4 және 5-тармақтарында көзделген құжаттар мен мәліметтер (бұдан әрі-деректер) өзгерген кезде Өнім беруші растаушы құжаттарды қоса бере отырып, цифрлық жүйе арқылы қарау үшін деректерді түзетеді және операторға жібереді.

Ұсынылған деректер сәйкес келген кезде оператор 5 (бес) жұмыс күні ішінде өнім берушінің енгізілген өзгерістерін мақұлдайды, сәйкес келмеген жағдайда қабылдамайды.

6. Өтінішке қоса берілетін құжаттар мен мәліметтер операторға олардағы ақпаратты сәйкестендіру үшін жеткілікті сапада орындалған электрондық құжаттар түрінде ұсынылады.

Өтініш беру цифрлық жүйеде орналастырылатын және мемлекеттік тапсырысты орналастыруға қатысатын тараптардың өзара қарым-қатынастарын реттейтін оператордың жария офертасына өнім берушінің акцептімен сүйемелденеді.";

9, 10, 11, 12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өнім беруші спорт секцияларында орындар босатылған кезде өнім беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде олар бойынша мәліметтерді цифрлық жүйеге енгізеді. Цифрлық жүйе енгізілген мәліметтерді автоматты түрде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 121 бұйрығымен бекітілген Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22637 болып тіркелген) көзделген мемлекеттік қаржыландыру көлемдерін бөлу кезінде ескереді.

Бос орындарды цифрлық жүйе баланың заңды өкіліне спорт секциясына қабылдау үшін электрондық ваучер бере отырып, балалар арасында олардың кезектілігіне сәйкес бөледі.

10. Спорт секциясына қабылдау үшін ваучер алу үшін баланың заңды өкілі кезекке қою үшін электрондық өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

Ваучер, цифрлық жүйе оны алған бала туралы ақпаратты тіркейтін, бала қабылданатын өнім берушінің спорттық секциясын және балаға бөлінетін қаржыландыру көлемін көрсететін бірегей нөмір болып табылады. Берілген ваучер туралы ақпарат электрондық хабарлама арқылы баланың заңды өкіліне жіберіледі.

Баланың заңды өкілі арыз беруді жеке өзі жүзеге асырады. Осы талаптың бұзылуы анықталған жағдайда цифрлық жүйе кезектегі өтінішті және ол бойынша берілген ваучерді жояды.

Мемлекеттік спорттық, шығармашылық және білім беру тапсырыстары шеңберінде ел ауқымында бір балаға спорт секцияларының немесе шығармашылық үйірмелердің қызметтеріне кезекте баланың заңды өкілінің бірден көп емес өтінішінің болуына жол беріледі.

Спорттық секцияны ауыстырған кезде баланың заңды өкілі өнім берушіге кезекке қоюға бұрын берілген өтінішті кері қайтарып алу туралы өтініш жібереді және кезекке қоюға қайта өтініш береді.

11. Спорт секциясына қабылдау кезегі цифрлық жүйеде автоматты режимде жүргізіледі және баланың және заңды өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), спорттық секцияның түрі, өтініштің нөмірі мен уақыты, секундтың үлесіне дейін дәлме-дәл, кезектегі реттік нөмірін қамтиды, сондай-ақ цифрлық жүйе ұсынған мәліметтер негізінде бөлуге арналған орындардың тізімін қамтиды.

Кезек балалардың заңды өкілдерінің берген өтініштері бойынша баланың жас шектеулері ескеріле отырып, өнім берушінің әрбір спорт секциясы бойынша жеке құрылады.

Ішкі істер органдарында есепте тұрған девиантты мінез-құлықты балалар басым тәртіппен цифрлық жүйеде тіркеледі.

Кезектегі позиция заңды өкілдердің өтінішті қайтарып алуына байланысты немесе ваучерді алу себебінен балалардың кезектен шығу себебінен кему жағына қарай және

осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес ваучерлерін өнім беруші кері қайтарып алған балалардың кезекке оралу себебі бойынша өсу жағына қарай жылжиды.

Кезекте орын ауыстыруға жол берілмейді.

12. Орындарды бөлу және ваучерлерді беруді күн сайын Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18:00-де цифрлық жүйе автоматты режимде жүзеге асырады.

Ваучерлер өнім берушілердің тізіміне енгізілген өнім берушілерден спорт секцияларындағы бос орындарға кезек тәртібімен беріледі. Ваучер берілгеннен кейін баланың заңды өкілінің өтініші кезектен алынады.

Ваучердің қолданылу мерзімі 10 (он) жұмыс күнін құрайды, осы уақыт ішінде баланың заңды өкілі спорт секциясына қабылдау үшін қажетті құжаттарды жинауды және өнім берушімен шарт жасасуды жүзеге асырады.

Ваучер атаулы болып табылады және айырбастауға жатпайды. Ваучердің қолданылу мерзімі ұзартылмайды, мерзімі өткен ваучер автоматты түрде жойылады. Баланың заңды өкілі қажет болған жағдайда, кезекке қоюға қайта өтініш береді.

Өнім берушілерден өтінім қабылдау, орындарды бөлу және ваучерлер беру тиісті қаржы жылының 1 қаңтарынан 30 қарашасына дейін жүргізіледі.

1 желтоқсаннан 31 желтоқсанға дейін цифрлық жүйеде өтінім қабылдау, орындарды бөлу және ваучерлер беру келесі жылдың бірінші жұмыс күніне дейін тоқтатылады.

Өнім берушіден өтінімдерді қабылдау, орындарды бөлу және ваучерлерді беру мынадай кездерде уақытша тоқтатылады:

1) оператордың бюджетінде тиісті жылға көзделген мемлекеттік тапсырыс үшін қаражат көлемі толық игерілген кезде;

2) мемлекет тарапынан өнім берушілердің амалсыз тұрып қалуына әкеп соғатын, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан балалардың шығармашылық үйірмеге қатысу мүмкіндігі болмайтын шектеу шаралары белгіленген кезде.

Эпидемиологиялық жағдайға байланысты тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде ( жекелеген объектілерде) бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысы негізінде спорт секцияларында қашықтықтан сабақтар өткізуге жол беріледі.

13. Жыл сайын 1-31 тамыз және 1-28 ақпан аралығында цифрлық жүйе бұрын кезекке қоюға өтініш берген, кезекте тұру мерзімі үш айдан асатын және баланы спорт секцияға қабылдау үшін ваучерлер алынбаған балалардың заңды өкілдерінің кезекті электрондық растау рәсімін жүзеге асырады.

Баланың заңды өкілі электрондық түрде кезекте тұруға одан әрі мүдделілігін растайды немесе баланың заңды өкілінің растауы болмаған кезде өтініш цифрлық жүйемен кезектен алынады.

Қажет болған жағдайда баланың заңды өкілі кезекке қоюға қайта өтініш беруді жүзеге асырады.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Цифрлық жүйе автоматты режимде төмендегі ақпаратты өзектендіреді және ресми интернет-ресурста орналастырады:

1) елді мекеннің аудандарындағы (шағын учаскелері) спорт секцияларына сұраныс туралы мәліметтер;

2) келесі қаржы жылына арналған мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру жоспары туралы мәліметтер;

3) ағымдағы қаржы жылында мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру жоспарының ай сайын орындалуы туралы мәліметтер;

4) спорт секциясының рейтингі туралы мәліметтер;

5) оператор балаларға арнап ұйымдастыратын аудандық, қалалық және өңірлік конкурстардың, байқаулар мен жарыстардың тегін іс-шараларының күнтізбесі;

6) өнім берушідегі орындардың босау хронологиясы;

7) ваучерлерді беру хронологиясы.

16. Оператор мемлекеттік тапсырыс рәсімдерін орындау барысында жинақталатын мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының бірыңғай көлік ортасы периметрінің ішінде физикалық орналасқан цифрлық жүйенің серверлерінде және ақпарат жеткізгіштерінде сақтауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік тапсырыс міндеттерін жүзеге асыратын цифрлық жүйенің компоненттері:

1) "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі арқылы Интернет желісін пайдаланушылармен өзара іс-қимыл жасайды;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген цифрлық технологиялар және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкес киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органда киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы екінші деңгейден төмен емес ақпараттандыру объектілеріне қойылатын талаптарға сәйкестігіне ақпараттық қауіпсіздікке жүргізілген сынақтардың сәтті нәтижесі туралы акт алады;

3) мемлекеттік білім беру, шығармашылық және спорттық тапсырысын алуға кезекте тұрған және алатын балалар, осы процеске қатысатын өнім берушілер мен олардың қызметкерлері бойынша ақпарат алмасуды және ақпаратты салыстырып тексеруді, сондай-ақ, бала баратын орта білім беру ұйымы туралы мәліметтерді, оның қорғаншылары мен қамқоршылары туралы мәліметтерді (болған жағдайда) алуды жүзеге асыру үшін ҰБДҚ-мен интеграцияйды;

4) цифрландыру саласындағы "Қазақстан Республикасының мобильді азаматтар базасы" цифрлық жүйесімен интеграцияланады;

5) іркілістер жағдайында жұмысқа қабілеттілікті тез қалпына келтіру мүмкіндігі үшін жинақталған деректерді резервтейді.".

11. "Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 121 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22637 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Оператор өнім беруші электрондық есепті ұсынғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) Осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді;

2) дәлелді себептер бойынша баланың келмей қалуын осы Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкестігін тексереді;

3) электрондық келу табелінде көрсетілген мүмкіндіктері шектеулі немесе ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың мәртебесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның цифрлық жүйесінің мәліметтеріне сәйкестігін тексереді;

4) электрондық қатысу табелінде көрсетілген балалардың мәртебесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің цифрлық жүйесінің мәліметтеріне сәйкестігін тексереді.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Оператор электрондық есепті мақұлдағаннан кейін өнім беруші электрондық шот-фактура мен көрсетілген қызметтер актісін ұсынады, олар цифрландыру саласындағы уәкілетті органның цифрық жүйесінде (бұдан әрі – цифрлық жүйе) төлеуге электрондық шотты қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

10. Оператор қаржы саласындағы уәкілетті органның қазынашылық цифрлық жүйесі арқылы төлемдерді жөнелтуді төмендегідей жүзеге асырады:

1) осы Қағидалардың 5 және 6-тармақтарында көзделген құжаттарды уақтылы ұсынған өнім берушілерге есептік айдан кейінгі айдың 18-ші күніне дейін;

2) құжаттарды белгіленген мерзімнен кеш ұсынған өнім берішілерге есептік кезеңнен кейінгі айдың 30-шы күніне дейінгі мерзімде;

3) құжаттарды уақтылы ұсынған, бірақ оператор түзетуге қайтарған өнім беруішілерге сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде жібереді.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру міндеттерін жүзеге асыратын цифрлық жүйе электрондық шот-фактураларды ұсыну, оларды келісу, оператор мен өнім беруші арасында қол қою және күшін жою міндеттерін жүзеге асыру үшін қаржы саласындағы уәкілетті орган қазынашылығының цифрлық жүйесімен интеграцияланады.".

12. "Дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақшаны бөлу жөніндегі бірыңғай операторды айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 177 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33103 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақшаны бөлу жөніндегі бірыңғай операторды айқындау қағидаларында:

Дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақшаны бөлу жөніндегі бірыңғай операторды айқындау қағидаларына қосымша осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
туризм және спорт министрі
2026 жылғы 15 шілдедегі
№ 129 бұйрыққа
1-қосымша

"Спорт түрлері бойынша
Қазақстан Республикасы ұлттық
командаларының мүшелеріне
олардың халықаралық спорттық
жарыстарда жарақаттар алуы
және мертігуі кезінде өтемақы
төлемдерін төлеу" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
1-қосымша

| "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
|---|---|---|
| 1. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы | Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу. |
| 2. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы | Жоқ. |
| 3. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| | | Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық |

| | | |
|---|---|---|
| 4. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері | емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе "цифрлық үкіметтің" www. egov. kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 5. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі | Құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға немесе портал арқылы тапсырған сәттен бастап - 5 (бес) жұмыс күні. Құжаттар топтамасын тапсыруға арналған ең жоғары шекті уақыты – 30 ( отыз) минут. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетуге арналған ең жоғары шекті уақыты – 30 (отыз) минут. Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді. |
| 6. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны | Электронды (ішінара цифрландырылған) / қағаз түрінде. |
| 7. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны | Көрсетілетін қызметті алушыға өтемақы төлеу туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда – Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу үшін уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған мемлекеттік қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама. |
| 8. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Жеке тұлғаларға тегін. |
| | | Көрсетілетін қызмет беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00 – ден 14.30 – ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00 – ден 18.30 – ға дейін. Мемлекеттік корпорация: Қазақстан Республикасының Еңбе |

| | | |
|---|---|---|
| | | к кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз жүзеге асырылады, мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.<br>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша жеделдетілген қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі немесе портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады.<br>Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайлары Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында: www. gov. kz/entities/tsm "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған. |
| 9. | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | |
| | | Мемлекеттік корпорацияға<br>1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған цифрлық құжат және ( немесе) көрсетілетін қызметті алушының (сенім білдірілген өкілі ) жүгінген кезде – нотариус куәландырған сенімхат (сенім білдірушінің) (сәйкестендіру үшін );<br>2) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі |

| | | |
|---|---|---|
| 10. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | талаптардың тізбесіне қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтемақы төлемдерін жүзеге асыруға арналған өтініш;<br>3) тиісті халықаралық спорттық жарыстарға қатысқанын растайтын құжат;<br>4) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Спорттық медицина және оңалту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны берген, халықаралық спорттық жарыста алған жарақат және мертігуі бойынша диагнозы көрсетілген медициналық қорытынды;<br>5) міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі тегін медициналық көмектің және ( немесе) медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс спорттық жарақат алған және мертіккен адамды емдеуге және ( немесе) оңалтуға жұмсалған шығындардың құнын растайтын құжат; порталға:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;<br>2) электрондық құжат нысанында тиісті халықаралық спорттық жарыстарға қатысқанын растайтын құжат;<br>3) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Спорттық медицина және оңалту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны берген, халықаралық спорттық жарыста алған жарақат және мертігуі бойынша диагнозы көрсетілген құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы медициналық қорытынды;<br>4) міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде тегін медициналық көмектің және ( немесе) медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс |

| | | |
|---|---|---|
| | | спорттық жарақат алған және мертіккен адамды емдеуге және ( немесе) оңалтуға жұмсалған шығындардың құнын растайтын құжаттың электрондық нысанындағы құжат.<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 11. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздері | 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтауы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 10-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы. |
| | | Организм функцияларының тұрақты бұзылуы бар, өзіне-өзі қызмет көрсету, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлай алу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері тұрғылықты жеріне барып, бірыңғай байланыс орталығы арқылы өтініш беру жолымен жүргізеді. |

| | | |
|---|---|---|
| 12. | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушы өзінің ЭЦҚ болған жағдайда, мемлекеттік қызметті алуға сұранысты портал арқылы электрондық нысанда жібереді.<br>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтінім берген кезде дәйектілігін қолтаңбамен немесе ЭЦҚ-мен растай отырып, мынадай деректерді көрсетеді: тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекенжайы, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы.<br>Цифрлық құжаттар сервисі мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді. " Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші цифрлық саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.<br>Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына ұсынады.<br>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында көрсетілген телефондар немесе бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны бойынша алады. |

Қазақстан Республикасы
туризм және спорт министрі
2026 жылғы 15 шілдедегі
№ 129 бұйрыққа
2-қосымша
"Спорт түрлері бойынша

Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге негізгі талаптар тізбесіне қосымша

Нысан

Кімге ___________________
(көрсетілетін қызметті берушінің басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Кімнен _________________
(көрсетілетін қызметті алушының, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

________________________
(мекенжайы және телефон нөмірі)

**Өтініш**

Сізден ___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
сұраймын.

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____________________________________

Банк шотының № __________________________________

Шот түрі: ағымдағы _______________________________

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 292 бұйрығымен бекітілген "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу " мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың осы тізбесінің 10-тармағында көзделген цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

__________________________________ ____________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)

20____жылғы "_____" __________________

Өтініштің түскен күні 20____жылғы "_____"

____________________________________ _____________
(өтінішті қабылдаған тұлғаның қолы, тегі, аты, әкесінің аты
(қолы) (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
туризм және спорт министрі
2026 жылғы 15 шілдедегі
№ 129 бұйрыққа
3-қосымша
"Спорт түрлері бойынша
Қазақстан Республикасы ұлттық
командаларының мүшелеріне
олардың халықаралық спорттық
жарыстарда жарақаттар алуы
және мертігуі кезінде өтемақы
төлемдерін төлеу" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан
(көрсетілетін қызметті алушының
____________________________
тегі аты, әкесінің аты,
(ол болған жағдайда)
____________________________
немесе ұйымның атауы)
_____________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, " Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) филиалының №__________ ________ бөлімі

_____________________________________________
(заңды мекенжайы көрсетілсін)

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады , атап айтқанда атауы жоқ және (немесе) құжаттардың қолданылу мерзімі өткен):

1)_________________________________________;
2)_________________________________________;
3)_________________________________________.

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.
Мемлекеттік корпорацияның қызметкері:
________________________________ _____________
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)
Орындаушы: ________________________ ________
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)
Байланыс телефонының нөмірі __________________
Алдым: ______________________________ ________
(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (қолы) (болған жағдайда)
20__ жылғы "__" "_________"

Қазақстан Республикасы
туризм және спорт министрі
2026 жылғы 15 шілдедегі
№ 129 бұйрыққа
4-қосымша
Спорттық атақтар, разрядтар
және біліктілік санаттарын беру
және олардан айыру, омырауға
тағатын белгілерді беру
қағидалары, сондай-ақ
олардың сипаттамасына
1-қосымша

## "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері" және " Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" спорттық атақтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы, жоғары санатты ұлттық спорт төрешісі, ұлттық спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| | | "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері", " Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері" және "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" спорттық атақтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы | жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы, жоғары санатты ұлттық спорт төрешісі, ұлттық спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру |
| 2. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы | 1. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері.<br>2. Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері.<br>3. Қазақстан Республикасының спорт шебері.<br>4. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы.<br>5. Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы.<br>6. Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы.<br>7. Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы.<br>8. Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы.<br>9. Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты әдіскер.<br>10. Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты әдіскер.<br>11. Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы.<br>12. Жоғары санатты ұлттық спорт төрешісі.<br>13. Ұлттық спорт төрешісі. |
| 3. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 4. | | Құжаттарды қабылдау Мемлекеттік корпорация, портал арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету |

| | | |
|---|---|---|
| | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері | нәтижесін беру Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады. |
| 5. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі | 20 (жиырма) жұмыс күні. Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут. |
| 6. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны | Электронды (ішінара цифрландырылған) / қағаз түрінде. |
| 7. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі спорттық атақ беру туралы куәлік немесе біліктілік санатын беру туралы куәлік және ( немесе) тиісті омырауға тағатын белгі немесе спорттық атақтар мен біліктілік санаттарын беру туралы бұйрықтың көшірмесі немесе дәлелді бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады. |
| 8. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Көрсетілетін қызметті алушыларға тегін көрсетіледі. |
